

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
19.06.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
от 19.06.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Алдабергеноұлы Бозымбаев мырзаға беріледі.

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

«Қазақстан-2050» стратегиясындағы ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілету саясатының арқасында еліміз осы саланың көшбасшысы болып танылды. Бүгінгі таңда Қазақстан атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды белсенді дамытуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, ядролық қауіпсіздік саласында маңызды бақылау шараларын қабылдаған кезде халықаралық қоғамдастық энергетика және жоғары технологиялар саласындағы жаһандық трендтерді назардан тыс қалдырмауы тиіс.

Сондықтан Қазақстан Республикасының атом саласы технологиялық әлеуетті дамыту тұрғысынан перспективті салалардың бірі. Бұл Қазақстанның ғылыми және индустриялық дамуының қозғаушы күші.

Біздің ғылыми-техникалық адами әлеуетіміз қазіргі уақытта ядролық физика және қолданбалы зерттеулер саласындағы ең маңызды мәселелерді шеше алады. Қазақстан Ұлттық ядролық орталығының және Ядролық

физика институтының ғылыми мекемелерінде үш атомдық зерттеу реакторы және басқа да ядролық қондырғылар жұмыс істеп тұр.

Ядролық құзыреттілікті арттыруға күш-жігер салу арқасында Қазақстан қазіргі уақытта іргелі және қолданбалы ядролық физика, ядролық және радиациялық технологиялар бойынша өз бетінше жұмыс атқара алатын елдер қатарында. Бұл біз үшін ең дамыған елдермен тең жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және жобаларға қатысу академиялық қоғамдастықтың күш-жігерін, ғылыми және білім әлеуетін біріктіруге мүмкіндік береді. Оған қатысушылардың ресурстары мен мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Бұл мақсатта 2016 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымымен ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмыс басталды.

Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымы (CERN) қарапайым бөлшектер физикасын зерттеу саласында әлемдегі жетекші ұйым болып табылады. CERN-нің үлкен коллайдері өзінің ауқымы мен күрделілігі бойынша бірегей инженерлік, ғылыми кешен болып отыр.

Жоғары энергиялар физикасы мен бөлшектер физикасы саласындағы табысты зерттеулерді көптеген ел ғалымдарымен бірлесіп қана жүргізуге болады. Яғни әлемдік ғылым интеллектіні шоғырландыру қажет.

Қазіргі уақытта CERN-нің кеңес құрамына 23 ел кіреді. Бұған қоса кейбір елдер мен халықаралық ұйымдар бақылаушы ретінде қатысады. CERN-де 2 мың 400-ге жуық ғалымдар тұрақты жұмыс істейді, оған қоса әлемнің 113 елінің 580 университеті мен институтынан 10 мыңнан астам физиктер мен инженерлер CERN-нің халықаралық эксперименттеріне қатысып, уақытша жұмыс істейді.

CERN-мен ынтымақтастық біз үшін аса маңызды. Әрі оның келешегі зор. Біріншіден, ол ресурстарды басым бағыттарға шоғырлауға, яғни алдымен іргелі білім, кейін технологиялар бойынша болашаққа серпінмен жол бастауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, халықаралық жобалар аясында тұтас ғылыми кластерлер, толыққанды инновациялық инфрақұрылым қалыптасады. Бұл іргелі білімді жаңа технологиялар мен өнімдерге түрлендіруге, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырумен айналысуға мүмкіндік береді.

Осыған орай CERN-мен ынтымақтастықтың құқықтық негізін құру мақсатында 2018 жылдың 29 маусымында Женева қаласында Ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымы (CERN) арасындағы келісімге қол қойылды.

Осы келісімді ратификациялау ғылыми байланыстарды одан әрі нығайтуға жағдай жасайды. Қазақстанның ғалымдары, инженерлері,

студенттері мен техникалық мамандары үшін ұзақ мерзімдік негізде CERN ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуға жол ашады.

Келісімді ратификациялаған соң Қазақстанға Non-member state мәртебесі беріледі. Яғни еліміз CERN-ге мүше емес мемлекет мәртебесіне ие болады. Бұл мәртебе қазақстандық ғалымдар мен мамандарға CERN-нің қолданыстағы қондырғыларында практикадан өтіп, жоспарлы эксперименттер мен ғылыми зерттеулерге қатысуға мүмкіндік береді. Ол үшін қандай да бір мүшелік жарна төлеу қажет емес.

Сонымен бірге CERN-мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін Жол картасы әзірленді. Ол Энергетика министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің бірлескен бұйрығымен бекітілді. Бұл Жол картасында институттардың, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың CERN зертханаларымен іргелі және қолданбалы зерттеулер, ядролық медицина, ядролық физика және тағы басқа салалардағы ынтымақтастығы көзделген.

Іргелі және қолданбалы ғылымның деңгейі – мемлекет дәулетінің маңызды көрсеткіші, оның әлемдегі орнын сипаттайтын басты өлшемдердің бірі болып табылады.

Осыған орай аталған заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) әлемдегі ең озық және ірі жоғары энергиялар физикасының зертханасы. Дәл осы CERN-де жаңа ғылыми зерттеулер жүргізілетіні туралы айтылды. Сондықтан мен осы келісімді қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Қанат Алдабергенұлы! Қазақстандық мамандар қолданылып жүрген қондырғыларда тағылымдамадан өтіп, CERN қондырғыларында жүргізілетін бірлескен эксперименттерге қатысу мүмкіндігіне ие болады. Қазірдің өзінде CERN-де біздің ғалымдарымыз үш PhD докторлық диссертациясын орындап жатыр. Бұл CERN жобалары аясында білім алу арқылы ғалымдарымыздың біртұтас ғылыми бағыт, мектептер құрып, Қазақстанда жоғары ғылыммен айналыса алатындығын білдіреді. Әрине, мұндай ғылыми бағытты дамыту қажет екені белгілі. Осыған байланысты мен мәселені тағы да нақтылағым келеді.

CERN-мен ынтымақтастықтың тағы қандай перспективалы бағыттарын дамыту болжанып отыр? Рақмет.

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Келісім бойынша Қазақстан ғалымдарына CERN-нің ядролық зерттеулері заманауи инфрақұрылымды пайдалануға жағдай жасайды. Ол бүгінгі күні қажет. Біз Білім және ғылым министрлігімен бірге Жол

картасын бекіттік, онда бағыттарды айқындадық. Соған сәйкес, мысалы, CERN-мен ынтымақтастық шеңберінде қазақстандық ғалымдар үлкен адрондық коллайдерлерде CMS, ATLAS адрон және басқа қондырғылары жоғары энергия мен элементар бөлшектер физикасы саласында зерттеулер жүргізетін болады. Мысалы, CMS және ATLAS эксперименталды қондырғылары бозон Х-ті анықтау, суперсимметрияны растау және стандартты үлгіден ауытқуларды іздеуге арналған қондырғылар.

Үлкен адрондық коллайдер ол CERN-нің негізгі жобасы. Ондағы зерттеулер элементар бөлшектер физикасын зерттеуге бағытталған.

CERN-нің ISOLDE (Isotope Separator On-Line қондырғы) жобасы да бар. Бұл эксперименттер Қазақстан үшін өте маңызды. Олар экзотикалық ядролардың сипаттамаларын зерттеуге бағытталған. Бұл энергетика саласындағы институттар үшін өте маңызды.

CERN-нің тағы бір бағыты бар. Бұл интернет әзірлеуде алғашқылардың бірі. Деректерді сақтауға арналған орталықты құрғанын ескерсек, бұл да өте маңызды мәселе.

Тағы бір маңызды бағыт – біздің мамандарды, ғалымдарды бірлесіп дайындау, жас мамандар үшін бірлескен конференциялар, мектептерді ұйымдастыру. Бұл ең маңызды бағыттар.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі
СЕЙДУМАНОВ С.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства образования и науки.

В статье 5 соглашения установлено, что выполнение соглашения осуществляется посредством заключения протоколов между Правительством Республики Казахстан или научно-исследовательскими институтами и университетами из Республики Казахстан, с одной стороны, и CERN, с другой стороны. На заседании рабочей группы было сказано, что такие протоколы будут заключаться непосредственно между научно-исследовательскими институтами и университетами Республики Казахстан и CERN и будут содержать цели, задачи и нормы по ответственности сторон.

В этой связи у меня к вам ряд вопросов:

каким образом и кем будут определяться научные организации, которым будет дано право заключать данные протоколы?

будут ли данные протоколы согласовываться с Министерством энергетики как с уполномоченным органом?

ТӨРАҒА. Канат Алдабергенович, а потом Министерство образования и науки.

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Спасибо за вопрос. Это тоже важный уточняющий вопрос.

Хочу сослаться на то, что мы с Министерством образования и науки уже утвердили дорожную карту в реализацию данного соглашения. Соглашением предусмотрено, что CERN будет сотрудничать с научными центрами нашей страны, у которых деятельность и научная работа перекликаются с основной деятельностью CERN (только что я перечислил, какая основная деятельность CERN).

Около четырех-пяти наших научных учреждений прямо попадают в сферу или орбиту деятельности CERN, в частности, это Институт ядерной физики совместно с нашим Национальным ядерным центром, КазНУ имени Аль-Фараби, Евразийский университет имени Гумилева, Астрофизический университет имени Фесенкова и Физико-технический институт. Все эти научные организации, которые сегодня имеют к физике большое отношение, будут работать по этому соглашению. Каждое данное учреждение подпишет свой протокол в реализацию данного соглашения, где будут указаны объемы работ, виды работ, количество казахстанских ученых, которые будут участвовать, а также на каких установках и в каких лабораториях CERN они будут участвовать.

Естественно, будет координация. Координаторами будем не мы, чиновники Министерства энергетики, а один из ведущих авторитетных ученых Института ядерной физики профессор Буртебаев, который является заведующим лабораторией. Совместно с научными кругами они будут определять эту тематику и координировать деятельность казахстанских научных и учебных заведений при сотрудничестве с CERN.

ТӨРАҒА. Вопрос был такой: предусмотрено ли согласование с Вашим министерством как с уполномоченным государственным органом?

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Хочу еще раз подчеркнуть, ввиду того, что РГП «Институт ядерной физики» находится в ведении Министерства энергетики, конечно, мы будем заниматься мониторингом этой ситуации.

ТӨРАҒА. Согласование с Вашим министерством будет?

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Будет согласование только тем, а какие ученые...

ТӨРАҒА. Все понятно, согласование тем будет. Долго говорите, и ни о чем.

Министерство образования и науки, пожалуйста. Каким образом и кем будут определяться научные организации?

ЖАҚЫПОВА Ф.Н. Согласно совместному приказу с Министерством энергетики определены два вуза. Состав ученых, тематика проекта также определены. Ход реализации будет согласовываться с Комитетом науки Министерства образования и науки совместно с Министерством энергетики.

ТӨРАҒА. Понятно. Спасибо.

Сөз депутат Хаменова Бақытгүл Қайржанқызына беріледі.

ХАМЕНОВА Б.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сауалым Білім және ғылым министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді деп түсіндірме жазбада көрсетілген. Сондай-ақ заң жобасын талқылау кезінде әзірлеушілер жыл сайын 50 қазақстандық ғалымды CERN-ге тағылымдамаға жіберу жоспарланып отырғандығын да айтқан болатын. Десек те, осы тұста түсініп алатын жайттар бар.

Егер қосымша қаржыландыру талап етілмейтін болса, біздің ғалымдарымыздың тағылымдамасын кім қаржыландырады және қандай көздер арқылы қаржыландыру жоспарланып отыр?

Тағы бір ескеретін тұс. Біздің ғалымдарымыздың тарапынан тағылымдамадан өтуге қызығушылық зор болып, CERN-ге баруға ниет білдірушілер аз болмайтындығы анық. Осыған байланысты да сұрағым бар.

CERN-ге жіберу үшін ғалымдар қандай критерийлер арқылы іріктеледі?

Біздің ойымызша, CERN-де алған білімдерін болашақта Қазақстанда пайдаланып, енгізе алатын ғалымдар жіберілуі тиіс. Сондықтан іріктеу егжей-тегжейлі өткізілуі керек деген ұсынысымыз да бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Фатима Надырқызы.

ЖАҚЫПОВА Ф.Н. Сұрағыңызға рақмет, өте өзекті сұрақ.

Қазіргі таңда осы жобалар аясында қаржыландыру жүргізіліп жатыр. Он бір жоба іске асырылуда. Болашақта осы жобаны іске асыру аясында әр ғылыми институттың, әр университеттің жоба мүшелеріне біз қолдау көрсетеміз деп айта аламыз. Дегенмен қосымша қаржыландыру болмайды, ол тек университеттердің өзінің есебінен, сонымен қатар жүргізіліп жатқан жобалар бойынша.

Екінші сұрағыңыз бойынша. Бүгін бізде нәтиже көрсете алатын ғалымдар бар. Критерийлерге сәйкес ғалымдарды осы жобаға қатыстыруға мүмкіншілік болады. Нәтижесінде біздің ғалымдардың мақалаларының саны да, сапасы да өседі деп күтілуде. Қазіргі таңда сол жерде жұмыс жасап жатқан ғалымдардың h-индексінің деңгейі 80-ге жетеді, Қазақстанда – 24. Сондықтан біз тек нәтиже беретін ғалымдарды сол жаққа жібереміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Канат Алдабергенович! Согласно статье 3 соглашения одним из видов поддержки Казахстаном исследовательских проектов Европейской организации по ядерным исследованиям является предоставление кадрового потенциала страны. Отбор кадров будет осуществляться из числа казахстанских ученых, инженеров, студентов, техников, которые в последующем будут назначены в качестве ассоциированных членов персонала CERN, но при этом не предусмотрены

в соглашении положения о трудовых правоотношениях между Казахстаном и CERN.

В этой связи у меня вопросы:

какими документами будут регулироваться трудовые отношения между нашими гражданами и Европейской организацией по ядерным исследованиям?

за счет какой стороны будет обеспечено финансирование расходов по оплате труда кадров из Казахстана? Спасибо.

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Спасибо. Тоже интересный вопрос.

При сотрудничестве с CERN у наших ученых будут возникать взаимоотношения, во-первых, когда они поедут в командировку, если наше научное заведение отправит их в соответствии с подписанным протоколом. Учреждение оплатит только дорогу, а проживание, питание, командировочные расходы CERN возьмет на себя.

Есть еще один вариант, о котором моя коллега из Министерства образования и науки не сказала. Мы не закрываем дорогу ученым поехать и самостоятельно участвовать в проектах CERN, то есть, если это ученые высокого уровня, они могут без относительно научных работ Казахстана участвовать в общемировых работах. Тогда CERN нанимает их на работу самостоятельно и оплачивает полностью все их расходы.

Есть еще третий вариант – на временной основе.

Если на постоянной основе, они как постоянные работники аппарата CERN могут там работать, и все расходы по проезду, проживанию, питанию, а также командировочные расходы им возмещаются со стороны CERN. При этом трудовые вопросы в CERN регулируются Уставом CERN и положениями о персонале и внутреннем распорядке CERN. Все они в публичном доступе и имеются в онлайн-режиме.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Клименко Иван Ивановичқа беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства здравоохранения.

Одним из приоритетных направлений по борьбе с онкозаболеваниями является ядерная медицина. Как известно, разработки Европейской организации по ядерным исследованиям позволяют сделать огромный прорыв, в том числе и в этой области.

В этой связи у меня следующий вопрос.

Какие меры взаимодействия будет осуществлять Министерство здравоохранения с данным центром для борьбы с онкозаболеваниями в нашей стране? Спасибо.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Амангелдіұлы Әбішев.

ӘБІШЕВ О.А. Спасибо за вопрос.

На данный момент на территории Казахстана Институтом ядерной физики выпускается более 20 радиоизотопов в сфере диагностики онкологических заболеваний, а CERN – более 2000 радиоизотопов не только в сфере диагностики, но и в сфере терапии онкологических заболеваний.

Министерству здравоохранения было дано поручение Первого Президента о создании онкологического центра в городе Нур-Султане к декабрю 2020 года. Данное сотрудничество является стратегически важным и необходимым для того, чтобы мы перешли к использованию технологий не только в диагностике, но и в терапии онкологических заболеваний.

Один из ярких примеров – CERN разработал мини-линейный ускоритель для применения в медицинской визуализации и рентгенографии. Технические характеристики позволяют прибору облучать раковые опухоли протонами, а также выступать источником альфа-частиц для радиотерапии.

То есть основная суть в том, что мы хотим заниматься не только диагностикой, но и терапией. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Канат Алдабергенович! Рассматриваемое нами сегодня соглашение предполагает создание хороших возможностей казахстанским ученым, инженерам, студентам, техническим специалистам для участия в научно-исследовательских проектах CERN. Это, несомненно, позитивно скажется на развитии отечественной ядерной науки и подготовке квалифицированных специалистов.

Вместе с тем данное соглашение не содержит конкретных обязательств сторон. Такие обязательства возникают, если Казахстан станет участником данного соглашения и будет оплачивать членские взносы.

Скажите, пожалуйста, какой статус будет у Казахстана, какие преимущества дает членство в данной организации и ставится ли перед Казахстаном задача стать полноправным участником Европейской организации по ядерным исследованиям? Спасибо.

БОЗЫМБАЕВ Қ.А. Спасибо.

Соглашение, которое мы предлагаем сегодня ратифицировать, – это первый шаг к установлению полного партнерства с CERN. Это международное соглашение (International Corporation Agreement) является первым шагом. Мы не будем являться членом организации, но у наших ученых будут возможности по разным направлениям использовать, как я уже сказал, практически все лаборатории и установки CERN. Мы и копейки платить не будем. Здесь никаких членских взносов нет.

В соответствии с Уставом CERN есть еще две возможности – ассоциированное членство, на временной основе или на постоянной основе. На временной основе – от двух до пяти лет, на постоянной основе – бессрочно. Ассоциированное членство – это почти как постоянное, только платят 1,4-1,5 миллиона швейцарских франков в год.

Что касается постоянного членства, то страна может обладать всеми правами (как учредитель этой организации), но тогда расходы будут составлять примерно 13-15 миллионов франков, а некоторые члены этой организации платят свыше 200 миллионов. Мы считаем, что нам преждевременно иметь этот статус. Нашим ученым нужно сначала несколько лет поработать, мы должны посмотреть результаты, потом на основе глубокого анализа должны будем принять решение о нашем дальнейшем пребывании.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Қанат Алдабергелұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Соглашение о международном сотрудничестве между Правительством Республики Казахстан и Европейской организацией по ядерным исследованиям (CERN) относительно научно-технического сотрудничества подписано в рамках визита казахстанской делегации в Европейскую организацию по ядерным исследованиям в Женеве 29 июня 2018 года.

Как известно, Казахстан является одним из лидеров мирового миротворческого процесса, получив моральное право быть нравственным образцом благодаря добровольному отказу от четвертого по величине ядерного потенциала.

На протяжении почти тридцати лет системно и последовательно на всех крупнейших международных площадках Нурсултан Абишевич Назарбаев призывает мировые державы отказаться от гонки вооружений и начать использовать атом исключительно в мирных целях.

Во многих стратегических программных документах Елбасы неоднократно отмечал необходимость внедрения новой политики инновационных исследований, использования отдельных научных баз, основанных на опыте многих поколений ученых и знаниях исторически сложившихся научных школ.

Значительное содействие в подписании соглашения оказал Президент Токаев в период пребывания на посту заместителя Генерального секретаря ООН.

Основными направленностями деятельности CERN являются исследование физики частиц, изучение основных составляющих материи и сил, действующих между ними. Кроме этого, в лабораториях CERN ведутся и прикладные научные исследования в различных сферах – медицине, фармацевтике, энергетике, в области высоких технологий.

Ученые, инженеры и студенты нашей страны могут получить доступ к уникальным исследованиям на различных установках CERN, тем самым развивая передовые и новейшие казахстанские технологии в области ядерной физики.

По проекту закона всеми постоянными комитетами Мажилиса Парламента Республики Казахстан даны положительные заключения.

На основании изложенного прошу одобрить данный проект закона и направить его на рассмотрение Сената Парламента Республики Казахстан. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Артур Станиславович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) арасындағы халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасының маңыздылығы күмән тудырмайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды әлемдегі ядролық қаруды таратпау қозғалысының көшбасшысы еткен теңдессіз шешім қабылдады. Қазақстан «бейбіт атомның» болашақтың бірегей энергиясы екенін мойындай отыра, ұлттық атом саласын қайта құрды, ғылыми-техникалық және технологиялық база қалыптастырды.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде елімізде ұлттық кадрлық құрам даярланып, 27 жыл бойы осы салада ғылыми ізденістер жүргізілуде. Ол туралы жаңа министр мырза Қанат Алдабергеноұлы жан-жақты айтып өтті.

Біздің өмірімізде іргелі рөл атқаратын салаларда бейбіт атом бұрынғы кезден қолданыста екенін білеміз, ол өнеркәсіпте, медицинада, мал шаруашылығында, тамақ индустриясында, атом энергетикасында.

Сонымен бірге оның жерасты суларын табу, бөгеттер мен бөгендердің жай-күйін диагностикалау, суды тұщыландыру және көптеген басқа да жағдайлар үшін қолданылатыны белгілі.

Кез келген саланың, әсіресе атом энергиясы сияқты ерекше саланың жетекші күші – білікті кадрлар.

Қазақстан Үкіметінің Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйыммен ынтымақтастығы Ұлттық ядролық орталықта еңбек етіп жатқан біздің ғалым мамандарға кең мүмкіндіктер туғызып, жол ашады.

Отандық ғалымдар Еуропа елдерінің мамандарымен бірлесіп, CERN қондырғыларында эксперименттер жүргізіп, тәжірибе жинап, білімдерін жетілдіре алады.

Сонымен бірге Қасым Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде осы салада даярланып жатқан мамандардың сапасын көтеруге ықпалын тигізеді деген үміттеміз.

Бұл ретте CERN жұмысына 113 елден 580 жоғары оқу орнының мамандары тартылғанын назарға алсақ, еліміздің құзыретті ұйымдары мен жоғары оқу орындары үшін ядролық ғылым мен технологиялар бойынша өзара тиімді, перспективті қарым-қатынас жүргізетін және практикада қолданатын зерттеу қорытындылар беретін қолайлы алаң болмақ.

Құрметті әріптестер! Бүгін біз Қазақстанның бейбіт атомды дамытатын әлемдік жетекші державалар қатарында екенін айта аламыз. Келісім жобасы атом саласын дамыту бойынша мемлекет таңдаған басымдықпен үндеседі, ол арқылы адамзатқа табиғатпен берілген заттарды қолданудың кең мүмкіндіктерін ашады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялауды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Спасибо.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Рассматриваемое соглашение является важным для развития и укрепления научного сотрудничества в области ядерных исследований.

Для нашей страны, добровольно отказавшейся от ядерного арсенала, большое значение имеет использование имеющегося в мире потенциала в области ядерных наук.

В рамках данного соглашения Казахстан получит уникальную возможность сотрудничества с Европейской организацией по ядерным исследованиям.

Ратификация данного Соглашения позволит создать необходимые условия для участия отечественных ученых в новейших научных исследованиях и использования инфраструктуры CERN.

Одной из перспективных отраслей сотрудничества является медицина, в частности, ядерная медицина, где необходимо проводить дальнейшие целенаправленные исследования для внедрения передовых технологий в борьбе с онкологическими заболеваниями в стране.

Сегодня дается уникальная возможность объединить усилия научного сообщества и потенциал отечественной медицины с уже имеющимися наработками CERN, повторю, где производится свыше 2000 радиоизотопов, часть которых используется для диагностики, а другая – для терапии онкологических заболеваний.

Поэтому это сотрудничество вызывает взаимный интерес в плане обмена опытом и проведения совместных экспериментов с целью получения и использования необходимых радиоизотопов в борьбе с онкозаболеваниями.

Ратификация рассматриваемого проекта закона полностью соответствует поручениям Первого Президента – Елбасы по развитию отечественной науки и поддержке молодых специалистов.

Инициатива и настойчивость избранного Президента страны Касым-Жомарта Токаева в заключении настоящего соглашения позволят увеличить уровень и продуктивность научных исследований отечественных ученых, повысить качество подготовки компетентных специалистов страны в области ядерной науки и техники до мирового уровня.

Уважаемые депутаты, данное соглашение является первым шагом в научно-исследовательском сотрудничестве Казахстана с этой организацией, который позволяет нашим ученым работать на установках CERN с минимальным доступом как представителям страны, не являющейся членом Европейской организации по ядерным исследованиям (CERN).

Понимая, что каждый уровень членства дает больше возможностей для ученого сообщества, в последующем, полагаю, предстоит целенаправленная работа по приобретению статуса нашей страны в качестве ассоциированного члена.

Призываю коллег поддержать рассматриваемый законопроект. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Ракмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Шешім қабылданды.



Ақпараттандыру және құжаттандыру бөлімінің сектор меңгерушісі
Н. Шиев